

**Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында
жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы**

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 сәуірде № 6256 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 2020 жылғы 20 қазандағы № 14 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 20.10.2020 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес, елді мекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып аудан әкімінің орынбасары С.А. Құсанов тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылдың 7 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

К. Омаров